

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Бастауыш сынып оқушыларын шығармашылыққа баулуЖАРИЯЛАНДЫ
21.02.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/24161/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Қаймақбаева Бейбіт Түймебайқызы

Бастауыш мектеп – оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды кезең. Сондықтан бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы, қиын да жауапты жұмыс. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Дамыта оқытудың да басты мақсаты – баланы оқыта отырып, шығармашылық бағытта жан – жақты дамыту.

Шығармашылық дегеніміз – іздену, ойлап табу дегенге саяды. Яғни, оқушының қабілетін ояту, жаңа рухани күш беру білімнің ең негізгі мақсаттарының бірі.

Бастауыш сынып оқушысының зейіні тұрақсыз, қабылдау мүмкіндіктері де әр түрлі болады. Дегенмен де әр баланың бір нәрсеге бейімі болады. Бейімділік – оянып кележатқан қабілеттің алғашқы белгісі. Оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға біз өз сабақтарымызда ықпалете аламыз.

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін, шығармашылық қабілеттерін сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда әр түрлі әдіс тәсілдерді қолдануға болады. Олар мынадай:

1. Арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру.
2. Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу (анаграмма, ребус, т.б.)

3.Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс

(кері есеп құрастыру,мәтін мазмұнын өңдеу,шығарма, шағын әңгіме мәтінін құрастыру).

4.Әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу.

5.Қиялдау арқылы сурет салғызу, рольге бөліп оқыту.

6.Ұнатқан кейіпкерге мінездеме жазу.

7.Ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру.

8.Мәтін, ертегі, әңгімені өз бетінше аяқтау, т.б.

Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу оқушыларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілеткөзін ашып , тілін байытуға , қиялын ұштауға,өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді.Бала бойындағы қабілеттіашу оқушының шығармашылық бағытта дамуына жете мән беру болып табылады.Қазақ тілі сабағында сөзбен жүргізілетін жұмыс,сөздерді байланыстырып сөйлеуге, әңгіме айтуға,шығарма жазуға көмектеседі.Сөздік жұмысы оқушыны бір жағынан ойлануға жетелесе,екінші жағынан қызығушылығын оятып,шығармашылық қабілетін арттыруға, белсенділікке ынталандырады.

Мысалы:

1.Сызба бойынша сөйлем жаз.

2.Графикалық диктант.

3.Берілген сөзге бір әріп қосып,мағынасы өзгерген сөз жаз.

Ат + а таба + н қала + қ.

Әдебиеттік оқу сабағындағы жұмбақ, жаңылтпаштардыөту кезінде де оқушылар өз беттерінше құрастырды.

Іші – мақта ,

Сырты – мата. (көрпе) Сисенбай Ә.

Өзі ақ болады ,

Ұстасаң қолың тоңады.(қар) Қоблан Қ.

Аспаннан жауады,

Жерге қонады. (қар) Отарбай А.

Осы секілді мысалдарды көптеп келтіруге болады. Сондай-ақ, оқушыларға дайын өлең жолдарын ұсынып, соны аяқтауды тапсыруға болады. Тапсырма дұрыс орындалуы үшін ең алдымен оқушылар құрастыруға тиісті өлеңнің сөз-

басы ұсынылады. Немесе дайын ұйқастар ұсынып, осы ұйқастарға сәйкес мазмұнды өлең мәтінін құрастырылу тапсырылады.

. . . байлық,
. . . алдық
. . . құстарға
. . . қалдық. т.б.

Математика пәні бойынша берілген есептерге кері есептер құрастыру оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытады деп ойлаймын. Себебі, оқулық дамыта оқуға негізделіп жасалған.

Бастауыш сыныптың қай пәнінде болсын оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамыта оқыту олардың сабаққа деген қызығушылығын оятады.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.